

"Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қантардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу және кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 4 қазандағы № 368/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қазанда № 30035 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қантардағы № 83 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 13324 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің және Бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы";

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің және Бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қағидалары бекітілсін."  
;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және

даму министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 81 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13339 болып тіркелген);

2) "Бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 81 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 85/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20109 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бәсекелестікті қорғау және

дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ғылым және жоғары білім

Министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жоғарғы Соты

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрія және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Корғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэрогарыш өнеркәсібі  
министрі

2022 жылғы 4 қазандагы

№ 368/НҚ

Бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің м.а.

2016 жылғы 26 қаңтардағы

№ 83 бұйрығымен бекітілген

Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің және Бірыңғай байланыс-орталығының орталық  
мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың

## **жергілікті атқарушы органдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қағидалары 1-тарау. Жалпы ереже**

1. Осы Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің және Бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің және Бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2. Бірыңғай байланыс-орталығының негізгі міндеттері мен функциялары:

1) ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік қызметтерді және өзге де қызметтерді, оларды көрсетудің нысандары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру;

2) ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік көрсетілетін және өзге де қызметтер бойынша ақпарат алу үшін қолжетімді байланыс арналарымен көрсетілетін қызмет алушыларды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша ақпарат беру мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен және көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау, ақпараттық-коммуникациялық және өзге де көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік органдармен және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторымен өзара іс-қимыл жасау;

4) мемлекеттік органдардың қызметі туралы көрсетілетін қызметті алушылардың хабардарлық деңгейін арттыру, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік және өзге де қызметтерді көрсету тәртібі мен процесі туралы мемлекеттік органдар мен көрсетілетін қызметті алушылардың хабардарлық деңгейін арттыру.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар және қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;;

2) ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызмет – осы көрсетілетін қызметтердің жұмыс істеуі арқылы қамтамасыз етілетін байланыс қызметтерін қоса алғанда, есептеу ресурстарын мүліктік жалдау (жалға беру) және (немесе) орналастыру, бағдарламалық қамтамасыз етуді, бағдарламалық өнімдерді, сервистік бағдарламалық

өнімдерді және техникалық құралдарды пайдалануға беру жөніндегі көрсетілетін қызмет немесе көрсетілетін қызметтердің жиынтығы

3) Бірыңғай байланыс-орталығы – мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты көрсетіletіn қызмет алушыларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну бойынша ақпараттық-анықтамалық қызметінің функцияларын орындаитын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын заңды тұлға;

4) Бірыңғай байланыс-орталығының ақпараттық-анықтамалық білім базасы (бұдан әрі – Білім базасы) – көрсетіletіn қызметтерді алушыға жауап беруге сактау, ақпаратты толтыру, жаңарту және қажетті ақпаратты ізденістіру үшін Бірыңғай байланыс-орталығының электрондық деректер қоры;

5) Бірыңғай байланыс-орталығының операторы (бұдан әрі – оператор) – көрсетіletіn қызмет алушыларды олардың қызығушылық туғызатын қызметтері бойынша ақпараттық-анықтамалық қолдауды жүзеге асыратын Бірыңғай байланыс-орталығының қызметкері;

6) көрсетіletіn қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

7) көрсетіletіn қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететіn орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

8) мемлекеттіk көрсетіletіn қызмет – көрсетіletіn қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіz жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттіk функцияларды немесе олардың жиынтығын іске асыру нысандарының бірі;

9) мемлекеттіk қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі – мемлекеттіk қызметтер көрсету, оның ішінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттіk корпорациясы арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингілеуге арналған ақпараттық жүйе;

10) электрондық нысанда қызметтер көрсетеу субъекті – мемлекеттік немесе өзге де қызметтерді электрондық нысанда көрсететін жеке немесе занды тұлға;

11) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – АКИ операторы) – өзіне бекітіп берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын заңды тұлға.

## **2-тарау. Бірыңғай байланыс-орталығы қызметінің тәртібі**

### **4. Бірыңғай байланыс-орталығы:**

1) мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсете мәселелері бойынша жеке және занды тұлғаларды тәулік бойы консультациялық қолдап отыруды жүзеге асырады;

2) ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсете мәселелері бойынша мемлекеттік органдарды тәулік бойы консультациялық қолдап отыруды жүзеге асырады;

3) "электрондық үкімет" мәселелері бойынша жеке және занды тұлғаларды, мемлекеттік органдарды тәулік бойы консультациялық қолдап отыруды жүзеге асырады;

4) ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді алушыда туындаған сұрақтар бойынша түсіндірмелер беру үшін АКИ операторына, мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға сұрау салу жібереді;

5) АКИ операторына, мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға жеке және занды тұлғалардан келіп түскен өтініштер бойынша ақпаратты жүйелі негізде жіберіп отырады.

5. Бірыңғай байланыс-орталығы өз қызметінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

2) қызметтерді көрсете тәртібі туралы дұрыс және өзекті ақпаратты ұсыну;

3) қызметтерді көрсете тәртібі туралы толық және жедел ақпаратты ұсыну.

6. Бірыңғай байланыс-орталығы жеке және занды тұлғаларға өз қызметтерін тәулік бойы, үзліссіз, демалыс және мереке күндері ұсынады.

7. Азаматтар мен мемлекеттік органдардың өтініштері тегін телефон нөмірлеріне: 1414, 8 800 080 7777 және support@goscorp.kz электрондық пошта мекенжайына келіп түседі.

Телефон арқылы жүгінген кезде байланыс желісінде жауапты күтудің орташа уақыты көрсетілетін қызметті алушының қоңырауы келіп түскен сәттен бастап отыз секундты құрайды.

8. Электрондық поштаға келіп түскен өтініштерді тіркеу автоматты түрде жүзеге асырылады, жауап екі жұмыс күні ішінде беріледі.

9. Оператор Білім базасындағы бар ақпарат бойынша қызметтердің ақпараттық-анықтамалық қолдауын жүзеге асырады.

10. Өтініште Бірыңғай байланыс-орталығының қызметіне кірмейтін мәселе қамтылса, оператор осы мәселелерді шешу құзыретіне кіретін субъектіге қатысты ондағы бар ақпаратты өтініш білдірген адамға береді.

11. Өтініште Бірыңғай байланыс-орталығының басқа операторының құзыретіне кіретін мәселе болса, оператор көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, қоңырауды қайта бағыттайды.

12. Бірыңғай байланыс-орталығы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында [www.gov.kz](http://www.gov.kz) электрондық мекенжайы бойынша интернет-ресурс арқылы өтініштерді беру мәселелері бойынша көрсетілетін қызметтерді алушыларға консультация береді және мерзімі туралы хабардар етеді.

13. Көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілген консультацияның сапасын бағалауға құқылы. Оператормен сөйлесу аяқталғаннан кейін бірден бес балдық шкала бойынша оператордың жұмысын бағалауды ұсынатын жүйе автоматты турде қосылады.

14. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның және (немесе) мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның жазбаша талабы бойынша Бірыңғай байланыс-орталығы тиісті сұрау салуды алғаннан кейін төрт сағаттан аспайтын мерзімде операторлардың сөйлесу жазбасын береді. Бұл ретте сұрау салуда көрсетілетін қызметті алушының күні және телефон нөмірі көрсетілуі тиіс.

15. Бірыңғай байланыс-орталығы операторлардың кәсіби құзыретін арттыруды тұрақты негізде жүзеге асырады, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер бойынша оқытууды және қайта оқытууды жүргізеді, ынталандыру және мадақтау сипатындағы шараларды қолданады.

16. Бірыңғай байланыс-орталығының мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру сапасын бақылауды ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

17. Бірыңғай байланыс-орталығының ақпараттық-коммуникациялық қызметтер бойынша консультация беруі үшін АКИ операторын:

1) операторларды оқытууды жүргізеді;

2) Бірыңғай байланыс-орталығының Білім базасын өзектендіру үшін қажетті ақпаратты ұсынады;

3) Бірыңғай байланыс орталығынан түсетін көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуларын шешу үшін өз қызметкерлері арасынан жауапты тұлғалар тобын қалыптастырады.

**3-тарау. Бірыңғай байланыс-орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен,**

**сондай-ақ мемлекеттік қызметтер мен ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету шенберінде көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі**

18. Мемлекеттік, өзге де және ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету шенберіндегі өзара іс-қимылға қатысуышылар:

1) Бірыңгай байланыс-орталығы;

2) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган;

3) мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган;

4) орталық мемлекеттік органдар;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар);

6) өзге де көрсетілетін қызметті берушілер.

19. Бірыңгай байланыс-орталығы көрсетілетін қызметті алушыларға Бірыңгай байланыс-орталығының консультация беруі үшін қабылдаған мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат (бұдан әрі – ақпарат) беру жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

20. Орталық мемлекеттік орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетіletтін қызмет туралы ақпарат беруге жауапты тұлғаны тағайындауды және осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша Бірыңгай байланыс-орталығына жібереді.

21. Бірыңгай байланыс-орталығына осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген ақпаратты берілгеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жауапты тұлға оқытуды жүргізеді немесе қызмет берушінің Бірыңгай байланыс-орталығының жауапты қызметкерін оқытуды жүргізуін қамтамасыз етеді.

22. Оқыту аяқталғаннан кейін Бірыңгай байланыс-орталығының және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен орталық мемлекеттік органдардың немесе қызмет берушінің уәкілетті өкілдері қол қоятын Бірыңгай байланыс-орталығы консультация беру үшін мемлекеттік көрсетіletтін қызметті қабылдау хаттамасы (бұдан әрі – хаттама) жасалады.

23. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты Бірыңгай байланыс-орталығы көрсетіletтін қызметті алушыларға хаттамаға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні өткен соң бере бастайды.

24. Өз функцияларын іске асыру кезінде Бірыңгай байланыс-орталығы қажетті ақпарат пен түсініктемелер алу үшін өзара іс-қимыл қатысуышыларына жүгінеді.

25. Көрсетіletтін қызметті алушылардың сұрау салуларын қанағаттандыру үшін көрсетіletтін қызметті берушілер ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда Бірыңгай байланыс-орталығына сұрау салуы бойынша мемлекеттік құпияларды, коммерциялық

және заңмен қорғалатын өзгеде құпияларды құрайтын ақпараттарды қоспағанда қажетті ақпаратты береді және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша Бірыңғай байланыс-орталығының жауапты қызметкеріне ауызша консультациялар, телефон арқылы түсініктемелер және қосымша ақпараттар береді.

Бірыңғай байланыс-орталығының мамандары орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетілу тәртібімен танысу мақсатында қызмет берушілерге барады.

26. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезінде жауапты тұлға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс тәртібімен берілген ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

27. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекітken орталық мемлекеттік орган және көрсетіletіn қызметті беруші жауапты тұлғаларды ауыстырған кезде бес жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына ерікті нысанда тиісті ескерту жібереді және жауапты тұлғалар туралы жаңа мәліметтерді ұсынады.

28. Көрсетіletіn қызметті беруші біr ай ішінде көрсетіletіn мемлекеттіk қызметтер бойынша қажетті ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығына беруден қайта bas тартқан кезінде, Бірыңғай байланыс-орталығы үш жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мемлекетtіk қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беруден bas тарту туралы хабарлайды.

29. Мемлекетtіk қызметті көрсету сатысы туралы көрсетіletіn қызметті алушыларды Бірыңғай байланыс-орталығы тиіstі aқпараттандыруы үшіn көрсетіletіn қызметті берушілер мемлекетtіk қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекетtіk қызметтерді көрсету мониторингінің aқпараттық жүйесіне енгіzedі.

Көрсетіletіn қызметті берушілердің мемлекетtіk қызметтер көрсетуді мониторингілеудің aқпараттық жүйесіне деректерді енгізу тәртіbі Қазақстан Республикасы Көліk жәne коммуникация министрінің міndetіn атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекіtіlgen (Қазақстан Республикасының нормативtіk құқықтық актілерді мемлекетtіk тіrkeu тіzіlіmінде № 8555 болып tіrkелген ) Мемлекетtіk көrсетіletіn қызметтерді көrсету мониторингіnің aқпараттық жүйесіне мемлекетtіk көrсетіletіn қызметті көrсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына сәйкес орнатылады.

30. Бірыңғай байланыs-орталығы мемлекетtіk қызметтер көrсету сапасын бағалау жәne бақылау жөnіндегі уәkіlettі органның жазбаша сұrau салуы бойынша Бірыңғай байланыs-орталығының қызметті берушілермен aқпарат алmasу мәsелелері бойынша мемлекетtіk қызметтер көrсету сапасын бағалау жәne бақылау жөnіндегі уәkіlettі органның қызметкерлерін oқытуды жүргіzedі.

31. Бірыңгай байланыс-орталығы есептік айдан кейінгі әр айдың бесінші күніне қарай мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік қызметтерді көрсететін орталық мемлекеттік органға және жергілікті атқарушы органға осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес жазбаша (электрондық) түрде есептік ақпарат береді.

32. Көрсетілетін қызметті берушілердің ішкі бақылау шенберінде ұсынатын есептегі және Бірыңгай байланыс-орталығы ұсынатын есептегі деректер мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға сәйкес келмеген кезде, Бірыңгай байланыс-орталығы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша түсіндірме ақпаратты келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

33. Бірыңгай байланыс-орталығының электрондық нысанда қызметтерді көрсететін субъектілермен өзара іс-қимылы осы Қағидалардың 20-25-тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

34. Бірыңгай байланыс-орталығы орталық мемлекеттік органдарды, жергілікті атқарушы органдарды және көрсетілетін қызметті берушілерге көрсетілетін ақпараттық-коммуникациялық қызметтер мәселелері жөнінде тәулік бойы консультациялық сұйемелдеуді жүзеге асырады.

35. Орталық мемлекеттік органдардан, жергілікті атқарушы органдардан және көрсетілетін қызметті берушілерден ақпараттық-коммуникациялық қызмет көрсету мәселелері жөніндегі сұрау салу келіп түскенде Бірыңгай байланыс-орталығы консультация ұсынады.

36. Бірыңгай байланыс-орталығы қажетті ақпарат болмаған жағдайда мемлекеттік органның АКИ операторына сұрау салу жібереді.

37. Ақпараттық-коммуникациялық қызмет көрсету мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдардың сұрау салулары АКИ операторымен келісу бойынша Бірыңгай байланыс-орталығы бекітетін ақпараттық-коммуникациялық қызмет пайдаланушылардың сұрау салуларын өндеу регламентінде белгіленген тәртіп және мерзім ішінде шешіледі.

38. Құрылғыны, бағдарламалық қамтылымды ауыстыруға немесе басқа жұмыстарды жүргізуге байланысты ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсетуде толық немесе ішінәра үзіліс болған кезде, Бірыңгай байланыс-орталығы АКИ операторынан келіп түскен ақпарат негізінде ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсетуде жоспарланған үзіліске дейін кемінде бір тәулік бұрын орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарды және көрсетілетін қызметті берушілерді хабардар етеді.

39. Бірыңгай байланыс-орталығы ақпараттық-коммуникациялық қызмет көрсету сапасын мониторингілеу шенберінде есептік айдан кейінгі әр айдың бесінші күніне

қарай ақпараттық-коммуникациялық қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпараттық жүйемен құрылған есепті мыналарға:

- 1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға;
- 2) АКИ операторына;
- 3) мемлекеттік органдарға – ақпараттық-коммуникациялық қызметті алушыларға жібереді.

Бірыңғай байланыс-орталығы  
қызметінің және Бірыңғай  
байланыс-орталығының орталық  
мемлекеттік органдармен,  
облыстардың, республикалық  
манзызы бар қалалардың,  
астананың жергілікті атқарушы  
органдарымен, сондай-ақ  
көрсетілетін қызметті  
берушілермен өзара  
іс-кимыл қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

### **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы ақпарат**

P/c №	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тізілімдегі №	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілер (оның деректемеле рін көрсете отырып)	Нормативтік құқықтық актілердің өзгерістері туралы мәлімет	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы ақпарат орналасқан интернет-ресурс	Жауапты тұлғаның және көрсетілетін қызметті берушінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы	Мемлекеттік органның жауапты тұлғасының және көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7	8

Жауапты орындаушының Т.А.Ә.

Күні: 20\_жылғы " \_\_ "

Бірыңғай байланыс-орталығы  
қызметінің және Бірыңғай  
байланыс-орталығының орталық  
мемлекеттік органдармен,  
облыстардың, республикалық  
манзызы бар қалалардың,  
астананың жергілікті атқарушы

органдарымен, сондай-ақ  
көрсетілетін қызметті  
берушілермен өзара  
іс-кимыл қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Бірыңғай байланыс-орталығына \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсанда келіп түскен өтініштер (шағымдар) туралы есеп**

P/c №	Өтініштің (шағымның) №	Өтініштің (шағымды) тіркеу күні	Аймак	Өтініш берушінің тегі , аты	Өтініштің (шағымдардың) мазмұны	Қабылданған шаралар
1	2	3	4	5	6	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК